

2013 жылға ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 19 ақпандағы N 1435 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 26 наурызда N 2916 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы N 683 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 30.12.2015 N 683 қаулысымен (қабылданған күннен бастап күшіне енеді).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 13)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5)-тармақшасына, 20-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру Ережелерінің 6, 7, 8 тармақтары негізінде, Зайсан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері, қаржыландыру көздері және нақты шарттары бекітілсін.
2. Қоғамдық жұмыстарда жұмыс істейтін жұмыссыздардың жалақысы жергілікті бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының заңнамасымен 2013 жылға белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінде жасалсын.
3. "Зайсан аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Л.Т. Дүйсенова) заңнамалық талаптарға сәйкес ауданның кәсіпорындары, мекемелері және ұйымдарында ақылы қоғамдық жұмыстарды өткізуді қамтамасыз етсін.
4. Зайсан ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 2 ақпандағы № 817 "2012 жылға ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" (нормативтік құқықтық

кесімдердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-11-149 2012 жылдың 24 ақпанында тіркелген, "Достық" газетінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 18 санында жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Зайсан ауданы әкімінің орынбасары Д.И. Тожыбаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	С. Зайнулдин
-------------	--------------

Зайсан ауданы әкімдігінің
2013 жылғы 19 ақпандағы
№ 1435 қаулысына қосымша

2013 жылда қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізімі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі, қаржыландыру көздері және нақты жағдайлары

Р/с	Кәсіпорындар	Қоғамдық жұмыс түрлері	Атқарылатын жұмыс көлемі	Сұраныс (жарияланған қажеттілік)	Ұсыныс (бекітілген)	Қаржыландыру көзі
1	“Зайсан ауданы әкімінің аппараты” мемлекеттік мекемесі	Көгалдандыру, көркейту, тазалық жұмыстары	Көгалдандыру, тазалық жұмыстары - 200 метр	60	30	Зайсан ауданының бюджеті
2	“Зайсан қала әкімі аппараты” мемлекеттік мекемесі	Суағарларды, көпірлерді жөндеу, тазалау, көшет отырғызу, көшелерді тазалау	3 үлкен, 9 кіші көпірлерді тазалау, 1500 метр, суағарларды тазалау, жөндеу 10000 метр, 2000 түп көшет отырғызу, суару	300	185	Зайсан ауданының бюджеті
3	"Зайсан аудандық мемлекеттік орталық зейнетақы төлеу орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық мекемесі (келісім бойынша)	Құжаттармен жұмыс істеуге көмектесу	Күніне 15-20 құжат	15	5	Зайсан ауданының бюджетті
4	“Зайсан аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі” мемлекеттік мекемесі	Құжаттармен жұмыс істеуге көмектесу	Жұмыссыздарды тіркеу, есептеу үшін көмектесу	15	10	Зайсан ауданының бюджеті
5	“Зайсан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі” мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	Тазалық, көгалдандыру, құжаттармен жұмыс істеуге көмектесу	Күніне 10-15 құжат, 300 шаршы метр ауланы тазалау	9	5	Зайсан ауданының бюджеті

6	“ШҚО Әділет департаменті Зайсан ауданының әділет басқармасы” (келісім бойынша)	Құжаттармен жұмыс істеуге көмектесу	Күніне 30-40 құжат	8	4	Зайсан ауданының бюджеті
7	“Зайсан ауданының прокуратурасы” мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	Құжаттармен жұмыс істеуге көмектесу	Күніне 10-15 құжат, өтініштер тіркеу	12	6	Зайсан ауданының бюджеті
8	“ Х. Мұстафина атындағы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Көгалдандыру, көркейту жұмыстары	50 дана көшет отырғызу, санитарлық-тазалық жұмыстары	30	25	
9	“Қаратал ауылдық округ әкімінің аппараты” мемлекеттік мекемесі	Суағарларды, от жағу пештерін тазалау, көркейту, көгалдандыру жұмыстары	2 үлкен көпірді тазалау, 1500 метр суағарларды тазалау, жөндеу, 800 дана көшет егу, санитарлық-тазалық жұмыстары	100	25	Зайсан ауданының бюджеті
10	“Сартерек ауылдық округ әкімінің аппараты” мемлекеттік мекемесі	Көгалдандыру, тазалық, көркейту жұмыстары	3 үлкен көпірді тазалау, суағарларды жөндеу және тазалау, 700 түп көшет отырғызу, санитарлық-тазалық жұмыстары	30	20	Зайсан ауданының бюджеті
11	“Қарабұлақ ауылдық округ әкімінің аппараты” мемлекеттік мекемесі	Көгалдандыру, көркейту, тазалық жұмыстары	2 үлкен көпірді тазалау, суағарларды тазалау 2500 метр, 600 дана көшет егу, санитарлық-тазалық жұмыстары	58	25	Зайсан ауданының бюджеті
12	“Біржан ауылдық округ әкімінің аппараты” мемлекеттік мекемесі	Көгалдандыру, көркейту тазалық жұмыстары	2 үлкен көпірді тазалау, 2000 метр. суағарларды тазалау, жөндеу 500 дана көшет егу, санитарлық-тазалық жұмыстары	20	15	Зайсан ауданының бюджеті
13	“Шілікті ауылдық округ әкімінің аппараты” мемлекеттік мекемесі	Көгалдандыру, көркейту тазалық жұмыстары	Суағарларды жөндеу, тазалау 2000 метр, 500 дана көшет егу, санитарлық-тазалық жұмыстары	30	20	Зайсан ауданының бюджеті
14	“Дайыр ауылдық округ әкімінің аппараты” мемлекеттік мекемесі	Көгалдандыру, көркейту тазалық жұмыстары	3 үлкен көпірді тазалау, жөндеу, суағарларды тазалау 1500 метр, 600 дана көшет егу, санитарлық-тазалық жұмыстары	28	20	Зайсан ауданының бюджеті
			2 үлкен көпірді			

15	“Кеңсай ауылдық округ әкімінің аппараты” мемлекеттік мекемесі	Көгалдандыру, көркейту тазалық жұмыстары	тазалау, жөндеу, суағарларды тазалау 1500 метр, 500 дана көшет егу, санитарлық-тазалық жұмыстар	62	25	Зайсан ауданының бюджеті
16	“Айнабұлақ ауылдық округ әкімінің аппараты” мемлекеттік мекемесі	Көркейту, көгалдандыру, тазалық жұмыстары, қар тазалау,	1 үлкен, 3 кіші көпірлерді тазалау, жөндеу, суағарларды тазалау 1500 метр, 600 дана көшет егу, санитарлық-тазалық жұмыстары	45	25	Зайсан ауданының бюджеті
17	“ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Зайсан аудандық аумақтық инспекциясы” мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	Құжаттармен жұмыс істеуге көмектесу	Карантиндік объектілерге профилактикалық жұмыстар атқару	3	3	Зайсан ауданының бюджеті
18	“ШҚО статистика басқармасының Зайсан ауданының статистика бөлімі” мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	Құжаттармен жұмыс істеуге көмектесу	Күніне 15-20 құжат	12	6	Зайсан ауданының бюджеті
19	“ШҚО Сот актілерін орындау Департаментінің Зайсан аумақтық бөлімі” мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	Құжаттармен жұмыс істеуге көмектесу	Күніне 10-15 құжат	3	3	Зайсан ауданының бюджеті
20	“Зайсан аудандық соты” мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	Құжаттармен жұмыс істеуге көмектесу	Күніне 25-30 құжат	2	2	Зайсан ауданының бюджеті
21	"ШҚО бойынша салық Департаментінің Зайсан ауданы бойынша Салық басқармасы" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	Құжаттармен жұмыс істеуге көмектесу	Базамен жұмыс істеу, түскен салықтарды есептеуге көмектесу	2	2	Зайсан ауданының бюджеті
		БАРЛЫҒЫ		844	461	

Қоғамдық жұмыстардың нақты шарты:

Жұмыс аптасының ұзақтығы 5 күнді құрайды, екі демалыс күні беріледі, сегіз сағаттық жұмыс күні, түскі үзіліс 1 сағат, жұмыс жағдайларын қорытындылай келе, жұмыс уақытын ұйымдастырудың тиімді түрлері қолданылады.

Қызметкерлердің жекелеген санаттары үшін (кәмелеттік жасқа толмаған балалары бар әйелдер, көп балалы аналар, мүгедектер, он сегіз жасқа толмаған адамдар) қоғамдық жұмыстардың шарттары сай келген санаттың еңбек шарттарының ерекшеліктерін ескере отырып белгіленеді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасында жасалатын еңбек шарттарымен қарастырылады. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбекақы төлеу жеке еңбек шартының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты болады. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық, арнайы киіммен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, зейнетақы және әлеуметтік аударымдар, уақытша жұмысқа жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлеу, денсаулыққа зиян келтіру немесе мертіктіру салдарынан келтірілген зияндардың орнын толтыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.